



*Ел жүргі - елорда шекіресі*

# АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## «Қазақтың Паганини» киноға сұранып тұр

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, тұтқынға түскен, өнер құдіреті өмірін сақтап қалған қазақтың қәсіби скрипкашысы Айткеш Толғанбаев езі турагы «Қатал тағдыр тәлкегі» атты кітап жазып кетті. Кезіндегі бұл кітапты оқып шыққан Өзбекәлі Жәнібеков белгілі журналист Қали Сәрсенбаймен әңгімелескендегі «Не деген бейқам халықпаз? Мен де мәдениет министрі болдым ғой. Қанша қызмет атқардым десем де, тағдырдан аяу көрмеген мына бір қазақты білмейді екенмін. Тозаққа түсіп шыққан екен. Музыкант, понимаешь» деп толғанған екен.



## СКРИПКАШЫШЕРТКЕН СЫР

Осы әңгімeden кейін Қали ағамыз Айткеш ақсақалды іздеп тауып, оның тағдыры турагы «Қазақтың Паганини» атты эссе жазды. Айтқандай, скрипкашының таланты жайында алғашқы болып «Құлагер» ақын Ілияс Жансұтіров сонау 1936 жылы қалам тербеді. Бергінде музыкантың мехнатқа толы өмірі жайлы біршама жазылды. Өзіміздің «Астана ақшамы» газетінің 1999 жылғы бір санында «Айткеш ағаның аманаты» аталатын мақала жарық көрді. Онда өмірден ерте озған жазушы-публицист Армиял Тасымбековке скрипкашының көзі тірісінде шерткен сырды баяндалған.

Айткеш ата қайда туғанын, қайдан шыққанын, кім екенін қаламгерге айтып берген. «Туған жерім – Семей облысы, Шыңғыстау ауданы, Қарауыл ауылы. Ата-бабамыз Ырғызбайдан тарайды. Ырғызбайдан – Өскенбай мен Мырзатай. Өскенбайдан – Құнанбай, одан Абай, Шәкәрім. Ал Мырзатайдан –

Жұман, Толғанбай. Толғанбайдан – мен – Айткеш» деген еді скрипкашы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы Абай болса, скрипка аспабын ұлттымызды алғашқыларының бірі болып еркін менгерген оның немересінде болып шығады. Бұл, біздіңше, ғажап сәйкестік!

Осы өнері жау қолына түскен музыканнты аман алып қалды. Мұны жоғарыда аталған сыр-сұхбаттағы Айткеш Толғанбаевтың мына сөзінен білеміз:

«Мениң өмірімде ән мен күй ерекше орын алады. Бәлкім, қиямет-қайымда тірі қалуыма бойыма біткен өнер, әсіресе скрипка аспабын менгеруім себеп болған шығар... Венаны таңдандырды осы өнеріммен. Скрипка тартатын мені, азиатты немістер, француздар қатты бағалады. Олардың арасында өнерді бағалайтындар асып-төгіліп жатады. Әсіресе, сұлу бикештері мені – азиат скрипачты қалай ұнатты, ойпыр-ай! Журегім жылады. Өнер тірі болса мен де тірімін ғой деп өзіме өзім тәүбе жасадым. Скрипкада Верди, Бизе, Брамс шығармаларын сызылтқанымда олар таңдай қағатын. Сарасатенің «Цыганские напевы йын» орындағанымда олар аттай желетін. Тұтқындардың мейірі қанып, ал мені тұтқындаушылар тіпті бостандыққа шығарып жібергісі келеді... Өнер барлық тілге ортақ. Жау бомбасынан жаралы болып тұтқынға түскенімде, немістің обер-лейтенанты өнер адамы екеніме басында сенбеді. Ал мен скрипкада ойнағанда ол басын құшақтап ойға қалды».

## ТҰТҚЫНДЫҚ ӨМІРДЕГІ ТАМҰҚТЫҚ ДЕКАДАСЫ

Айткеш Толғанбаев тұтқында жүріп, Әміре Қашаубаев секілді Еуропага қазақ өнерін таныстыруды. Құрманғазының «Сарыарқа», «Ақбай», «Кісенашқан», «Тұрмедин қашқан», «Балбырауын», «Қайран шешем» күйлерін, Түркештің «Көнілашар» күйін скрипкада күнірентті. Ал «Елім-айды» еңіреткенде немістердің өзі күрсінетін.

Осы жылдың басында 101 жасқа қараған шағында Түркияда өмірден озған скрипкашы Әлім Алмат, әнші Мұхаметқали Бақыткерейұлы, каламгер Хамза Абдуллин, ақын Мәжит Айтбаев Айткеш Толғанбаев секілді Түркістан легионы сапында болды. «Біз Екінші дүниежүзілік соғыста «қазақ өнері мен әдебиетінің тұтқындық өмірдегі тамұқтық декадасын» Вена қаласында көрсеттік» деген еді Айткеш ата Армиял Тасымбековпен әңгімесінде.

Арада 80 жылға жуық уақыт өткенде сол Вена қаласы қазақ скрипкашысының тағдырын өнер тілінде кестелеуге пейіл танытты. Жуырда Австрияның Қазақстандағы елшілігі Қазақ ұлттық өнер университетімен бірге Астананың 20 жылдығына арнап «Скрипкашы» атты драманы сахналады. Елші Герхард Сайлдердің шақыруымен австриялық режиссер Лукас Сежпик атапты университеттің студенттерімен қосылып қойған қойылымға университет ректоры, Қазақстанның Еңбек Ері Айман Мұсақожаева қолдау көрсетті. Роза Мұқанова, Ерсайын Тәпенов, Тілекtes Мейрамов сынды қазақ әдебиеті мен театр өнерінде өзіндік орны бар тұлғалардың шәкірттері спектакльді жастық жалынмен алып шықты. Сценарий негізіне Айткеш Толғанбаевтың «Қatal тағдыр тәлкегі» кітабы

алынды.

Спектакль университеттің шағын залында қойылды. Тұындыны тамашалап отырып, осындай тағдырлы тұлғаның өмірін үлкен сахнаға шығарса, артық етпейді деп ойладық. Бұған қоса, кино түсірілсе, тіпті тамаша болар еді деген ойға келдік.

## ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ ҚАЙДА?

Бірақ мынаны ескеру керек: бірнеше жыл бұрын Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театры қойған «Әміре» драмасы мен биыл кинотеатрларда көрсетілген «Әміре» кинотуындысын біразымыз көрдік. Кино көнілден шықпаған соң, кей әріптестеріміздің «спектакль фильмнен асып кеткен екен» деген пікірін естідік. Америкалық режиссер Джейф Веспа түсіріп, оның отандасы Бенжамин А.Ванн дер Вин сценарийін жазған кинотуындыдан, шынымен, ұлттың жанын көре алмадық. Жақында Ұлы Женіс күніне орай отандық телеарналардан Қазақстан мен Ресей бірігіп түсірген «28 панфиловшы» фильмі көрсетілді. Ким Дружинин мен Андрей Шальопа режиссері болған, кейінгісі сценарийін де жазған. Бұл екеуі де ресейлік мамандар. Актерлер де, негізінен, Ресейден тартылған. Өзіміз Әзиз Бейшенәлиевтен басқа ешкімді жыға танымадық. Барапқыда Әзиздің кімді сомдағанын да түсінбей қалдық. Бауыржан Момышұлын шығар деп ойлағанбыз. Сөйтсек, оған Болатов дейтін кейіпкер бұйырыпты. Ең сорақысы, Алматы облысының Ақсу ауданынан шыққан Кенес Одағының Батыры Нарсұтбай Есеболатовтың рөлін Владислав Погиба сомдады. Қазақ жігітін өзге ұлт өкілі сомдайтындей басымызға не күн туды?!

Тұлғаларымызға қатысты кинотуындылардың тізгінін қашанға бері басқа біреуге бере береміз?!

## ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАНЫТУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

Өзбекәлі Жәнібековтің атын мақаламыздың басында бекер келтірmedік. Ол сияқты ұлт тұлғаларына жаны ашитын, ұлттық өнердің болашағын ойлайтын басшы бар ма қазір?! Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы киноға сұранып тұрған Айткеш Толғанбаевтың Германия, Австрия, Франция, Италия сынды Еуропаның маңдайлалды мемлекеттер халқын тамсандырған өнері мен өмірі жайлы біле ме?

Айтпакшы, саңлақ скрипкашы туралы спектакльдің сахналануына қол ұшын созған Айман Мұсакожаева Қазақстан кинематографиялық өнері мен ғылымдары академиясының президенті қызметін қоса атқарып отыр. Айман Қожабекқызы Айткеш Толғанбаев жөнінде кинотуындының түсірілуіне атсалысуы тиіс деп ойлаймыз. Сценарий керек болса, белгілі журналист Серік Жанболат тегін жазып беремін деп «Фейсбук» арқылы жар салғанына да бір жылдан асты.

Шәкәрімнің тәрбиесін көрген, Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди сияқты аса көрнекті композиторлардың батасын алған, Мұхтар Әуезов, Бауыржан

Момышұлы, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Евгений Брусиловский, Күләш Байсейітова, Ғабит Мұсірепов сынды алыптармен араласқан Айткеш Толғанбаев туралы фильмде аттары аталған тұлғалар көрінсе, тіпті ғажап болар еді. Тұлғаларды танытудың бірден-бір жолы – олар туралы сапалы, әсерлі фильмдерді түсіру.